Бекітемін
мектеп директоры
А.Б.Сексенов

ЖШС Dostyk School Shymkent кітапханасы туралы

Ол мынадай құжаттарға сүйеніп жасалған:

1.Білім беру ұйымдары кітапханаларының ісі туралы /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Бұйрығымен бекітілген 17 тамыз 2000 ж.№827 бұйрығы :

2.Мектеп кітапханасын пайдаланудың үлгі қағидалары туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінң Бұйрығымен бекітілген 3 шілде 2001 ж. №522 бұйрығы;

3. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы /ҚАзақстан Республикасы Білім жіне ғылым министрлігінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығы:

4. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтар мен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидалары туралы Қазақстан Республикасы Білдім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №91 бұйрығы

1.Жалпы ережелер.

1.1. Орат білім беретін ұйымның кітапханасы орта білім беретін ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өз қызметін мектептің негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырады.

1.2.Мектеп кітапханасы оқу-тәрбие үдерісін білім беру және педагогикалық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Кітапхана білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына мектеп әкімшілігіне,педагогика ұжымына, оқушылар мен ата-аналарға кітапхана қорларына еркін қолжетімділікті ұсынады.

1.3.КІтапхана оқушылардың оқудағы дербестігін жүзеге асыруға, оларды танымдық және шығармашылық қызметін дамытуға септігін тигізеді, педагоикалық ұжымға педагоика және білім беру жөніндегі ақпаратты беру, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға, сондай-ақ оқырмандардың ақпаратмәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

1.4.Өз қызметінде мектеп кітапханасы:

-Қазақстан Республикасының Конституциясын;

-Білім мен мәдениеттің дамуын анықтайтын Қазақстан Республикасынның Заңдарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің және оның уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің бұйрықтары мен өкімдерін;

Білім басқармасының бұйрықтарымен өкімдерін;

Мектептің ішкі тәртібі қағидаларын;

Мектеп директорының бұйрықтары мен өкімдерін

Осы ережені басшылыққа алады.

1.5. Кітапхана қорларын және басқа да кітапхана ақпаратына қолжетімділік тәртібі, негізгі қызметтер мен оларды көрсетудің шарттары кітапхананы пайдалану қағидаларында белгіленеді.